



№98 (19725) 30 қыркүйек, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

АЙМАҚ

ОБЛЫС ӘКІМІ ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

Биылғы жылдың 8 айында облыс экономикасында оң көрсеткіштер байқалды. Көлік саласында 122,5%, құрылыста 120,8%, ішкі саудада 107,4%, ауыл шаруашылығында 102,9%, өңдеу өнеркәсібінде 101,2% өсім қамтамасыз етілді. Ауыл шаруашылығы саласында Мақаншы ауданының үлесі зор. Ауданның егіс алқабы 64,5 мың гектарды құрайды. Биыл жергілікті шаруаларға «Кең дала – 2» бағдарламасы аясында 393 млн теңге несие беріліп, техника парк 9 жаңа техникамен толықты. Сонымен қатар жалпы құны 21 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба жоспарланған. Аталған жобалар ауданда ауыл шаруашылығының дамуына, жұмыс орындарының ашылуына және өндіріс көлемінің артуына ықпал етпек. Бұдан бөлек, ауданда жалпы құны 15 млрд теңгені құрайтын, 228 жаңа жұмыс орнын ашуды көздейтін 3 жоба жүзеге асырылуда. Әлеуметтік салада да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Биыл Мақаншы ауданында 118 пәтер пайдалануға берілмек. 14 мектеп пен балалар шығармашылығы үйі жөндеуден өтті. Бірқатар мектепке жаңа пәндік кабинеттер мен автобус алынды.

Аудандық аурухана күрделі жөндеуден өтіп, заманауи медициналық техника сатып алынады. Сондай-ақ 1991 жылдан бері құрылысы аяқталмай тұрған дәрігерлік амбулатория жыл соңына дейін қолданысқа беріледі. Инженерлік инфрақұрылымды жаңарту бағытында биыл Қабанбай және Бекет ауылдарында ауыз су жобалары аяқталады. Мақаншы және Көктал ауылдарының көшелері жарықтандырылып, аудан орталығындағы Арбат пен Жеңіс саябағы абаттандырылуда. Сонымен қатар ауданда жолдарды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл Алакөлдің жағалауын дамытуға облыстық бюджеттен 659 миллион теңге бөлінді. Мәдениет пен спорт саласы да назардан тыс қалып отырған жоқ. Қарабұлақ ауылында спорт модулі салынып жатыр. Аудандық Мәдениет үйіне қарасты «Інжу - Маржан» ансамбліне музыкалық аспаптар алынды. Балалар спорт мектебінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда.

Живн соңында облыс әкімі тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді. «Бүгін жарты жылдан астам уақытта атқарған жұмыстарға есеп беріп, көкөйлөңізінде жүрген сұрақтарыңызға жауап беріп, алдағы жоспарлармен бөлісу мақсатында өздеріңізбен жүзде-сіп отырмын. Осыған дейін бірнеше рет арнайы келіп, әлеуметтік нысандарды аралап, ауданның тыныс-тіршілігімен таныстым. Алакөлдi айнала қонған ағайынның барлық түйкілді түйіндері мен алаңдатарлық мәселелерін жақсы білемін. Ауданда атқаратын жұмыс аз емес. Барлық өзекті мәселе кезең-кезеңімен шешілетін болады», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі Мақаншы ауданының дәрігерлеріне алғысын жеткізді. Жақында Мақаншы аудандық ауруханасының қызметкерлері Алакөлге демалуға келген Италия азаматы Пьянца Паолонинның өмірін сақтап қалған болатын. Ауруханадан шыққаннан кейін шетелдік азамат медициналық ұжымға алғысын жеткізген еді. Облыс әкімі Берік Уәли Мақаншы ауданының тұрғындарымен кездесуде операцияға қатысқан дәрігерлер мен мейірбикелерге ризашылығын білдіріп, алғыс хат табыс етті.

«Ауруханадан шыққаннан кейін шетелдік азамат медициналық ұжымға шынайы алғысын білдіріп, «Қазақстан менің екінші отаным» деп тебіренді. Дәрігерлердің бұл қызметі құрметке лайық. Еліміздің абыройын көтерген сіздерге шынайы алғысымызды білдіреміз», – деді аймақ басшысы.

ДӘРІГЕРЛІК НЫСАН ЖАҢАРДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли Мақаншы ауылындағы қайта жаңғыртылып жатқан дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен танысты. Аудан орталығындағы 1991 жылдан бері құрылысы аяқталмай келген нысан жыл соңына дейін қолданысқа берілімек. Жобаны жүзеге асыруға облыстық бюд-

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИ ШЕКАРА ШЕБІНДЕ ОРНАЛАСҚАН МАҚАНШЫ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ. ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСІП, АРНАЙЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ.

ЖИЫНДА АЛДЫМЕН АУДАН ӘКІМІ ДӘУРЕН ҚОЙГЕЛДИН 2024-2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ТОҚТАЛЫП, АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ. ОБЛЫС ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИ ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ, ШЕШІМІН КҮТКЕН МӘСЕЛЕР ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР ЖӨНІНДЕ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.

лектерін тыңдап, аудан әкімі мен тиісті басқармаларға өзекті мәселелерді заң аясында шешуді тапсырды. «Қабылдауда көтерілген мәселелердің ешқайсысы на-

на тапсырамын», – деді аймақ басшысы.

Мақаншы ауданында жалпы құны 21 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба жоспарланған. Аталған жобалар ауданда ауыл шаруашылығының дамуына, жұмыс орындарының ашылуына және өндіріс көлемінің артуына ықпал етпек. Бұдан бөлек ауданда жалпы құны 15 млрд теңгені құрайтын, 228 жаңа жұмыс орнын ашуды көздейтін 3 жоба жүзеге асырылуда.

ҚАРАБҰТА АУЫЛЫНДА

Аймақ басшысы Мақаншы ауданының Қарабұта ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысты. Ғимарат 2013 жылы салынған. Медициналық мекемеде 13 қызметкер еңбек етеді. Қазіргі уақытта амбулаторияға 706 тұрғын тіркелген. Дәрігерлік амбулатория халыққа алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем ұсынады. Мұнда жедел және созылмалы ауруларды анықтау мен емдеу, жарақаттар кезінде және үй жағдайында шұғыл көмек көрсету ұйымдастырылған. Сондай-ақ диспансерлік бақылау, зертханалық диагностика, алдын алу шаралары, патронаждық қызмет жүзеге асырылады. Күндізгі стационарда 3 төсек-орын қарастырылған. Облыс әкімі Берік Уәли дәрігерлік амбулаторияны аралап, дәрігерлермен, емделушілермен пікірлесті. Ауылдың тұрғындарымен кездесіп, өзекті мәселелерін тыңдады. Тұрғындар ауыл балаларын тасуға шағын автобус керек екенін жеткізді.

«Ауылымызға алғаш рет аяқ басып, хал-жағдайымызды өз көзіңізбен көріп отырған алғашқы облыс әкімі өзіңіз екенсіз. Елдің шетінде орналасқан ауылымызға арнайы келгеніңізге, ел-жұрт бар екен деп ескеріп, көңіл бөліп жатқаныңызға алғыс білдіреміз», – деді ауыл тұрғыны Мұздыбай Сейітқазы.

Аймақ басшысы дәрігерлік амбулаторияның жұмысын жоғары бағалап, елді мекенге тиісті қолдау көрсетілетінін айтты.

«Шалғайдағы жұрттың жағдайын білейін, танысайын деп арнайы келдім. Мыңға жуық тұрғыны бар Қарабұта ауылы береке-бірлігі жарасқан елді мекен екен. Ауылдағы медициналық мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жаңа жабдықтар алуға көмектесеміз», – деді облыс әкімі.

АҚШОҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ ЕРЕКШЕ

Мақаншыға қарасты шекара шебіндегі Ақшоқы ауылы Семей қаласынан 700 шақырымға жуық, аудан орталығынан 70 шақырым жерде орналасқан. Аймақ басшысы Берік Уәли елді мекендегі Мәдениет үйінде болды. 1984 жылы салынған Мәдениет үйінде қазіргі уақытта 6 қызметкер жұмыс істеуде. Мәдениет ошағы ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуге, шығармашылықпен айналысуына және түрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отыр. Аймақ басшысы Мәдениет үйінде ауыл тұрғындарымен кездесіп, өзекті мәселелерін тыңдады. Кездесуде тұрғындар тарапынан елді мекендегі интернет сапасын арттыру, Мәдениет үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды.

«Бүгін 700-ге жуық шақырымды арқа тастап, ауылдарыңызға арнайы келіп отырмын. Ауылға сапалы интернет орнату мәселесін қарастырамыз. Мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу жүргізуге көмектесеміз. Шекаралық аймақтағы Мақаншы ауданының өзекті мәселелері кезең-кезеңімен шешілетін болады», – деді облыс әкімі.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БАЙЛАНЫС НЫҒАЙДЫ

Абай облысының әкімі Берік Уәлидің тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Мейірлан Раханов жұмыс сапарымен Ресей Федерациясының құрамындағы Карелия Республикасына барды. Сапар аясында екі өңір арасында ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған меморандумға қол қойылды.



Құжат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық пен әріптестікке негізделген келісімдерге сәйкес, Абай облысы мен Карелия Республикасының сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, әлеуметтік және мәдени салалардағы байланыстарын дамытуға жол ашды.

Меморандум аясында инвестициялар тарту, құрылыс пен логистика, шағын және орта кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы салаларында өзара іс-қимыл жасау, өнеркәсіп, оның ішінде жеңіл, тау-кен, өңдеу, тамақ, металлургия және орман өнеркәсібі, білім беру салаларында ынтымақтастық, тағы да басқа салалар бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру қарастырылған.

Сонымен қатар тараптар бірлескен бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, ортақ жобаларды жүзеге асыру, көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, ақпаратпен алмасу және өзара делегациялар жіберу мүмкіндіктерін қарастыруға уағдаласты. Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары Карелияның делегациясын 2026 жылдың бірінші тоқсанында Абай облысына сапармен келуге шақырды.

«ST» - ақпарат

ЖАСТАР САЯСАТЫ

SHAKARIM – ӘЛЕМ ҮЗДІКТЕРІНІҢ ҚАТАРЫНДА

Алматыдағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде QS Quacquarelli Symonds компаниясының бас коммерциялық директоры Джейсон Ньюманның қатысуымен QS World University Rankings 2026 жаһандық рейтингінің сертификаттарын табыстау рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шараға Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары мен халықаралық рейтинг агенттігінің өкілдері қатысты. Shakarim University ректоры Думан Орынбеков те арнайы шақырылып, университеттің жетістігін растайтын QS сертификатын салтанатты түрде қабылдады.

Еске сала кетсек, 2025 жылғы 19 маусымда Shakarim University әлемдегі ең беделді және ықпалды жоғары оқу орындары рейтингінің бірі – QS World University Rankings 2026 тізіміне ресми түрде енген болатын.

Биыл бұл жаһандық рейтингке 106 елден 8 467 университет қатысып, олардың тек 1 501-і ғана финалдық тізімге өтті. Қазақстаннан рейтингке 20 университет енді. Солардың қатарында Shakarim University еліміздің атынан алғаш рет қатысқан үш жаңа ЖОО-ның бірі ретінде танылып, әлемнің ең үздік университеттерінің жоғарғы 18% қатарына кірді.

Шәкәрім университеті беделді халықаралық рейтингте 1401+ позицияны иеленіп, дара шықты. Яғни, университеттіміздің әлемдік академиялық аренада мойындалуына жасалған маңызды қадам деуге болады.

Бұл көрсеткіш – университеттің академиялық сапасы, халықаралық беделі, ғылыми-зерттеу қызметі, жұмыс берушілер арасындағы танымалдығы, сондай-ақ тұрақты даму мен интернационализация бағыттарындағы қарқынды дамуының нәтижесі.

Айтулы іс-шараға қатысқан Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті орталығының басшысы Жанар Орынқанова салтанатты жиыннан алған өсерімен бөлісіп, университеттің халықаралық аренадағы бұл табысы үлкен мәртебе әрі маңызды бес-лес екенін ерекше атап өтті.

«QS World University Rankings сияқты беделді рейтингке ену – бұл тек университеттің академиялық деңгейінің ғана емес, сонымен бірге оның ғылыми зерттеулер мен халықаралық ынтымақтастық саласында да жоғары жетістіктерге жеткенінің дәлелі. Біздің ұжымның еңбегі, үздіксіз даму мен сапаға ұмтылысымыздың нақты жемісі деп есептеймін. Бұл сертификат – Шәкәрім университетінің әлемдік білім кеңістігіндегі беделін арттыруға қосылған үлкен қадам. Болашақта да университетіміздің әлеуетін одан әрі нығайтып, студенттеріміз бен профессорлар құрамының әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы үшін бар күшімізді саламыз», – дейді ол.

Shakarim University алдағы уақытта да сапалы білім беру, ғылыми әлеуетті арттыру, халықаралық серіктестік пен инновациялық жобаларды дамыту бағытындағы жұмысын жалғастыра бермек.

Күлия РАЙЫС



ҚҰРМЕТТІ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!
Сіздерді Абай облысы Семей қаласы мәслихатының «Семей қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» шешімінің жобасын талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз.

НҚА жобасын талқылау үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15598729>

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Семей қаласының қалалық мәдениет Сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры бос қызмет орнына орналасуға конкурс жариялайды.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

■ мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;

■ халық шығармашылығын, этномәдени дәстүрлер мен салттарды сақтау, насихаттау, оларды қазіргі заманғы тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеу;

■ Қазақстан Республикасында атап өтілетін мерекелерді, концерттерді, ән мен би мерекелерін, тұсауесерлерді, фестивальдерді, конкурстарды, айтыстарды, халықтық қолданбалы және бейнелеу өнері көрмелерін ұйымдастыру;

■ ғылыми-практикалық, ақпараттық-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;

■ мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығындағы озық тәжірибені зерделеу, жинақтау, көпшілікке тарату, оны енгізу және тарату;

■ этномәдени бірлестіктерді қолдау;

■ ұлттық мәдени орталықтармен жұмыс жасау;

■ мәдени - демалыс қызметі саласындағы инновациялық жобалар мен бағдарламаларды, ұлттық мәдениеттерді сақтауға және дамытуға бағытталған түрлі мәдени акцияларды, бастамаларды қолдау.

Лауазымдық міндеттері:

■ қалалық мәдениет үйінің қызметіне басшылық етеді;

■ шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруды, жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

■ байқаулар мен фестивальдарды, халық шығармашылығы конкурстарын, көркемөнерпаз жетекшілерінің семинарларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді.

■ ұлттық -мәдени орталықтармен жұмыс атқарады.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН КӘСІБИ ТАЛАПТАР:

«Гуманитарлық ғылымдар» (музыкалық білім, мәдениеттану), «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (мемлекеттік және жергілікті басқару) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мәдениет саласындағы басшылық лауазымдарында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Талапкерлер біліу тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Бюджет кодексын», Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік процестік кодексын», Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексын», Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңдарын және берілген санаттағы нақты лауазымға сәйкес саладағы қатынасты реттеуші Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін міндетті түрде білу.

Қажетті құжаттар тізімі:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш.
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін.
3. Кадрларды есепке алу жөніндегі топтырылған жеке іс-парағы, өмірбаян.
4. Нотариуспен немесе өзге де заңнамамен белгіленген тәртіппен куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмесі.
5. Нотариуспен немесе өзге де заңнамамен белгіленген тәртіппен куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі.
6. Денсаулық жағдайы туралы анықтамa.
7. Мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме.
8. 3x4 фотосурет (2 дана).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар «Семей таңы», «Вести Семей» газетінде, Семей қаласы әкімінің ресми интернет-ресурсында конкурс жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тапсырылуы қажет: Семей қаласы, Абай көшесі 97, Анықтама телефоны: 8 (7222) 36-09-35, 87474701889.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Райс Семей» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 04.11.2025 жылы сағат 12-00-де ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Дачная көшесі, 116а мекенжайы бойынша «ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы» жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қалдықтарды басқару бағдарламасы,» Райс Семей «ЖШС үшін» табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары - қара және түсті металдардың сынықтарын жинау, дайындау және өткізу алаңы.

Жобалық құжаттамамен келесі ресурстарда танысуға болады: Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар туралы ұлттық дерекқор порталы: [https://](https://ndbecology.gov.kz/)

ndbecology.gov.kz/ МИО ресми интернет-ресурсы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>

Барлық ескертпелер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей келесі ресурстар арқылы қабылданады: Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар туралы ұлттық дерекқор порталы: <https://ndbecology.gov.kz/>

Электрондық пошта арқылы: uripr.abay@akimatabai.gov.kz

Бейнеконференцияға қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/75002314615?pwd=FChS5W6kDQJw26Vf8JwXgt0wo3yu.Y.1>

Конференция идентификаторы: 750 0231 4615

Қатысу коды: aqYsc2

«Райс Семей» ЖШС үшін қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есептің өзірлеушісі:

«ВостокЭКОпроект» ЖШС
БСН: 200340020928

Директоры: Мигдальник Лариса Викторовна

Қосымша ақпаратты келесі байланыс арналарынан алуға болады: e-mail: vostok-er@mail.ru

Тел.: 8 (7232) 76-82-15

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жеке куәлікті өзіңізбен бірге алып келуіңіз қажет.

ЖҮЗІМ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Жүзім – әлемнің түрлі аймақтарында өсетін және сүйсініп тұтынатын дәмді әрі пайдалы жеміс. Оның әртүрлі сорттары мен түрлері бар. Жүзімнің тарихы, оның адамзат мәдениетінде алатын орны, сондай-ақ денсаулыққа пайдалы қасиеттері туралы көптеген қызықты деректер бар.

1. Жүзімнің түпкі атасы Орта Шығыста, әсіресе Кіші Азия мен Иран аймақтарында пайда болған.
2. Жүзімнің тарихы 8000 жылға дейін созылады және оны алғаш рет егіншілікпен айналысқан халықтар өсіре бастаған.
3. Әлемде жүзімнің 8000-нан астам түрі белгілі, олардың арасында ең танымалдары – Кабарне Совиньон, Шардоне және Мерло.
4. Жүзімнің құрамында аурулардан қорғайтын антиоксиданттар, жүрек-қантамыр жүйесіне пайдалы әсер ететін калий, магний және дәрумендер көп.
5. Жүзімнің дәндері мен қабығы полифенолдар мен ресвератрол сияқты пайдалы қосылыстарға бай.
6. Жүзімнің өңделген өнімдері, оның ішінде мейіз, жүзім шырыны мен шарап әлемнің әр түрлі елдерінде кеңінен тұтынылады.
7. Жүзімнің құрамындағы қант мөлшері өте жоғары болғандықтан, оны денсаулық сақтау мамандары қант диабеті бар адамдарға шектеулі түрде тұтынуды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Босып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет – сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.

Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;

редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;

факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

Әже, оқып берші!

Мысық пен торғай

(Чуваш ертегісі)



Баяғыда бір кемпір мен шал өз күндерін өздері көріп жатыпты. Олардың бір пырылдауық мысығы болыпты. Бірде сол мысық күнге қыздырынып жатады. Шуақтың жанына жаққаны соншалық, ол рақаттана көзін жұмып мүлгіп жатыпты. Бір кезде дәп қасынан шыққан «Шық-шық! Шық-шық!» деген дыбысты естиді. Көзін ашса, бір торғай маңында тұрған шылапшынның жиегіне отырып алып, әлденені шоқып жеп жатыр екен. Мысық дүр сілкініп, шырығып алады да, ұстап алса ғой деген құмарлығы қозып арқасындағы жүні дүрдіп шыға келеді. Торғай шылапшынды жағалай секіріп-секіріп, оған тіпті жақындай түседі. Сол кезде мысық серіппедей атылып секіреді де, торғай әп-сәтте оның тырна-

ғына ілігеді. Ол көрі әрі тіс қаққан торғай еді.

— Ақылды пырылдауық мысық, сен мені кез келген уақытта жей аласың ғой, бірақ, есіңе түсірші, бүгін таңертең ояңған бетте жуынып па едің? — дейді торғай. - Өрине, жуынбағаның көзіңнен көрініп тұр. Ақылды, жақсы пыр-пырлар жаңа күнді жуынуудан бастайды, — дейді торғай.

Мысық шынында да таңертең жуынбағанын есіне түсіреді. Қайдағы бір торғайдың әдепке үйреткеніне жәбірленіп қалады, сонда да оның жөн сөзіне қалай қарсы тұруға болады? Мысық торғайды тырнағынан босатып, шөптің үстіне жатқызады да, жуына бастайды. Тілімен табанын, сосын ол табанымен құлағының түбін, одан аяғын мұртына дейін апарып бүкіл бет-аузын сипалап, тазалықтың не екенін торғайға көрсеткісі келгендей жуына бастады. Ал торғай болса, мысықтың қалай жуынғанына қарап-қарап сәл отырады да, ұшып кетеді. Ақылды мысық оны байқап қалғанымен, тым кеш қалған еді. Уысында дәмді таңғы асы бар еді, ұшып кетті де, жоқ болды. Содан бері мысық тамақтанар алдында емес, тамақтанатын болған соң ғана жуынатын болыпты. Ал оған қарап барлық мысық атаулы солай істейді екен.

Орыс тілінен аударған
Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлікке кең өріс ашып, ел экономикасының негізгі қозғаушы күші ретінде шағын және орта бизнесті қолдау керектігін үнемі атап келеді. Биылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында да Президент: «Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз», - деп баса айтты.

ТҮЙЕШІ КЕЛІНШЕК

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»



Жалпы, Жарма өңірінде ауылдағы кәсіпкерлікті тұрмысына тірек еткен іскер жандар баршылық. Сондай жандардың бірі - Қалбатау ауылының тұрғыны, көп балалы ана Ризагүл Енжелбекқызы. Ризагүл мен жұбайы Өнербек Қылымбекұлы Қалбатау ауылының іргесінде 10 шақты түйе бағып, шұбат өндіруді қолға алған. Бүгінде жерлеріне табиғи өнім ұсынып отыр.

— Бұрын енемнің асқазаны ауырып, арнайы тапсырыспен Алматы қаласынан шұбат алдыратынбыз. Жол ұзақ, жеткізілгенше, біраз уақыт күтуге тура келеді. Содан неге түйені өзіміз өсіріп, шұбат өндіріске деген ой келді. Әуелде қобалжыдық, табиғаты қатандау Қалбатаудың климаты түйеге қолайлы бола ма деп уайымдадық. Бірақ «нар тәуекел» деп кірісіп кеттік. Өрбір істің басында қиыншылығы болары сөзсіз. Дегенмен түйелерімізді қыстан аман-есен алып шықтық. Қазір біраз тәжірибе жинап қалдық, шұбат сұратқан халыққа жеткізіп беріп отырымыз, — дейді кәсіпкер келіншек.

Өткен қыстың басында Түркістан қаласынан әкелінген түйелерді жергілікті табиғатқа бейімдеп, бағып-қағу оңай болмапты. Дегенмен тәзімділік пен сабырдың арқасында ерлі-зайыптылар бұл кәсіптің де көзін тауып келеді. Қазір олар түйелерін ауыл маңындағы округ әкімдігі бөліп берген шағын жайылымдық жерде бағып отыр.

Биыл Ризагүл мемлекеттік грант иегері атанып, кәсібін кеңейтуге мүмкіндік ал-

ған. Ендігі мақсаты, шұбат өндірумен қатар, түйе жүнін өлдеп, көдеге жарату.

— Түйенің тек сүті емес, жүні де көдеге жарайды. Алла қаласа, келесі жылы жүннен көрпе, жастық жасап, оны да сату ойымызда бар, — дейді ол.

Қазақ халқы қашаннан түйені төре түлік деп қадірлеген. Оның шұбаты да жай ғана сусын емес, табиғи шипа. Ғалымдар шұбаттың өкпе ауруларына, асқазан-ішек жолдарына, иммунитет көтеруге таптырмас ем екенін дәлелдеген. Шұбатты дұрыс пайдаланса, ол өкпе ауруына қарсы қолданылатын осы заманғы дәрі-дәрмектің әсерін күшейтеді. Қасиеті мен қуаты жағынан шұбат сиыр сүті мен қымыздан да асып түседі.

Тамақтану институты мамандарының айтуынша, шұбаттың құрамында адам ағ-

засына қажетті мыс, мырыш, күміс, темір, кальций, магний сияқты ондаған микроэлементтер бар. Ал оның құрамындағы сүт қышқылы мен табиғи спирт ішек жұмысын жақсартып, жараның жазылуына сеп болады, фосфат пен кальций тұздары денедегі әр түрлі жараның жазылуына әсері мол.

«Түйесі бардың киесі бар» деген қазақ халқы. Шұбаттың қадіріне жете білсек, ол тек дәрумен ғана емес, табыс көзіне де айналмақ.

Қалбатаудың баурайында Ойсылқара тұқымын түлетіп, тіршілігіне нәр етіп отырған бұл отбасы — нағыз еңбекқорлықтың үлгісі. Ауылда отырып-ақ кәсіптің көзін тауып, малды да, мүмкіндікті де тиімді пайдалана білген жандарға еңбектеріңіздің берекетін берсін дейміз.

Сөз ж ж ц м б а қ

↓	Әдеби шығарма	↙	Саяси көзқарас	↘				↗	"Урал" банктері	↘					
	Мед. саласы	↓	АКІП президенті	↘	Қазақ өзені	↗	Әйгілі ұшақ	↘	Хим. элемент	↗	Кір жуу ұнтағы	↘	Рахат ...	↗	Ұшақ маркасы
↙				↓				↘							
	...ды келін	→					700 тракторы	↘	Оймас (син)	↗	Қара ниетті	↘	Өшекей	↗	Өсір (син)
↙							Рак дәрігері	↘	Теніз	↗		↘			Сирт түрі
↙	Триумфалы ...	→	1-ші орыс көлігі	↘	Улы бақа	↗	Ешкіге айтылатын сөз	↘		↗	Тұтқан (орыс)	↘	Есейтін құрал	↗	Кенес армиясы
↙				↘				↗							
↙	Өнерлі	→	Голланд. фут. клубы	↘	Заманың қарап борыңды ...	↗	"... дөсем тиемді"	↘	Тақырып (орысша)	↗	Панирус қиялы	↘			
↙	Пахарь (қазак)	→	Бар....? Сураулық шылау	↘	Төрт түлік	↗		↘	До, ми	↗	МАИ (орыс.)	↘			
				↘	Темекі маркасы	↗	Сөлем ...	↘	Қазақ шені	↗		↘	Скрипкашы қыз		
↙	Қол бөлігі	→	Өте (син)	↘	Жылан түрі	↗	Зер	↘	Бастағы бағалы зат	↗	Соңғы нота	↘	Көтеріліс	↗	Терезе пердесі (орыс)
↙				↘	Жұлдызшы тегі	↗		↘	Домхана	↗		↘			
				↘	Тыныс (син)	↗	Карта ойыны	↘	Сатурн серігі	↗	Жан Ван Дамм	↘	Асыл газ	↗	Пар (син)
↙				↘			Үлдістан қаласы	↗		↘		↘			
↙	"... баспа үйі"	→	Африка өзені	↘			"...-на"	↘	Шахмат та-сы	↗		↘	Италия астанасы	↗	Қоңмық анасы
↙				↘	 де Бальзак	↗		↘		↗	Юпитер серігі	↘			Тамақ ауруы
	Өрт (син)	→	Африка елі	↘				↘	Өңірі дауысы	↗					

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттымен марапатталған.



Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА
Бас редактор –
Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары –
жауапты хатшы
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

Email: info@semeytany.kz

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20 820



Кезекші редактор Роза ПУШПАҚОВА